

«Dariya» балабақшасы
№4 әдістемелік кеңес хаттамасы

29 наурыз 2024 жыл

Қатысқаны:6

Күн тәртібінде:

1. Балабақша жағдайында баланы мектепке дайындау»
2. Музыкалық терапия.

Сөз алды:

Балабақша әдіскері сөз алып 09 қаңтар 2024 жылғы №3 әдістемелік кеңесте қабылданған «Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ұлттық ойындар мен ертегілер кеңінен қолдану» туралы қаулыға сәйкес ертегілерді оқу – ағарту процесіне енгізу жоспары толық жүзеге асты және балалардың сөздік қоры мен ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтары артты, деді.

Тыңдалды:

Әдістемелік кеңестің бірінші сұрағы бойынша «Болашақ» тобының тәрбиешісі А.Б.Алиева «Балабақша жағдайында балаларды мектепке дайындау» тақырыбында баяндама оқыды. Баланың мектепке дейінгі жасы – бұл баланың ойлауының қалыптасуының спектрі. Осы кезеңде балаларға ерекше назар аудару керек, себебі жаңа кезең – мектеп өміріне бейімделу кезеңі басталады, деп айтып өтті. Сонымен қатар бала эмоционалды, физикалық дайын болуы керек. Мектепке дейінгі мекеменің алдында баланы дайындау міндеті тұр, деді өз сөзінде А.Алиева. Сонымен қатар, А.Алиева баланы мектепке дайындағанда бірнеше пайдалы кеңес беріп өтті. Бірінші баланың күн тәртібін орнату, дұрыс тамақтануын қадағалау керектігі жайлы айтты.

Сөз алды:

Балабақша әдіскері Жакупова Г.З. сөз алып балаларды мектепке дайындау – мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай жүргізіліп жатқанын атап өтті. Балалардың бойында негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру жұмыстары жүйелі

түрде ұйымдастырылуда. Жазуға қолды дайындау, логикалық ойлауды дамыту және дыбыстық талдау дағдыларына баса назар аудару тиіс екенін ескертті.

Қаулы:

1. Мектепалды даярлық топтарында балаларды мектепке сапалы дайындау жұмыстары «қанағаттандырылдық» деп танылсын.
2. Тәрбиешілер сабақ үдірісінде балалардың қол моторикасын дамытуға, логикалық тапсырмалар мен дидактикалық ойындарға көбіріек уақыт бөлінсін.



Жакупова Г.З.

Хатшы

Шамишева А.А.